

**Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясының Мемлекеттік
аудит бөлімінде 2023 жылғы қызметіне сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша
Талдамалық анықтама**

14.02.2024 жыл

Шымкент қаласы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын» (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) жүзеге асыру мақсатында, Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясы (әрі қарай - Тексеру комиссиясы) төрағасының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы №95н/қ бұйрығына сәйкес, арнайы жұмысшы тобымен 2024 жылдың 10 қаңтарынан бастап 12 ақпаны аралығында Мемлекеттік аудит бөлімінің 2023 жылғы қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін құжаттар мен ақпарат көздері - Мемлекеттік аудит бөліміне қатысты бөлікте нормативтік және құқықтық актілер: 2023 жылғы Мемлекеттік аудит бөлімінің мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың нәтижелері; жеке және заңды тұлғалардың өтініштері; сот актілері.

Басқа мемлекеттік органдардың тексеріс мағлұматтары, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдары және прокурорлық қадағалау актілері талдауда олардың болмауымен байланысты пайдаланылмаған.

**I. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау**

Мемлекеттік аудит бөлімі өз қызметін «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңына, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 30 шілдедегі №6-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген «Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларының» (әрі қарай - Қағида), Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы №167 Жарлығымен бекітілген «Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарына, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы №5-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген «Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарына, Тексеру комиссиясының Ережесіне және Регламентіне, Мемлекеттік аудит бөлімінің Ережесіне сәйкес жүзеге асырылды.

Тексеру комиссиясының Мемлекеттік аудит бөлімінің Ережесінде белгіленген функциялар нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сай.

Бөлімнің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде дискрециялық өкілеттіктер анықталмады.

Мемлекеттік аудит бөлімдерінің қызметіне қатысты нормативтік құжатта сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің анықталу мәніне ішкі талдау жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орнатылмаған.

II. Ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау.

Мемлекеттік аудит бөлімінің ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мәніне ішкі талдау жүргізу кезінде Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің Үлгілік қағидаларында бекітілген мәселелер қаралды.

1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауыспалылығы.

Мемлекеттік аудит бөлімі бойынша бос лауазымдардың орнын басуға 2023 жылы жүргізілген конкурстардың нәтижелері бойынша 5 адам тағайындалды. Бос лауазымдарға орналасуға конкурс жүргізу кезінде Тексеру комиссиясында Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаментінің, қоғамдық бірлестіктерінің байқаушылары шақыртылып, олардың қатысу тәжірбиесі қолданылды.

Мемлекеттік аудит бөлімі бойынша кадрлардың ауыспалылығы - 1 адамды құрап отыр, Тексеру комиссиясының басқа мемлекеттік органда мемлекеттік лауазымға орналасуға байланысты – 3 ; өз еркімен жұмыстан кетуге байланысты – 1; лауазымда төмендеу – болған жоқ, «командалық ауысулар» - болған жоқ.

Мемлекеттік қызметке қабылдану кезінде персоналды басқару қызметімен арнайы тексеріс жүргізу үшін мағлұматтар ұлттық қауіпсіздік органдарына жолданады, олармен, өз кезегінде, тексеру іс-шаралар кешені жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметке қабылдану кезінде барлық қызметшілер Тексеру комиссиясындағы мемлекеттік қызметпен байланысты міндеттер мен шектеулер және тыйымдармен таныстырылған. Барлық қызметшілермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер бойынша міндеттемелерге қол қойылған.

Қызметшілердің және олардың отбасы мүшелерінің салық органдарына мүліктік сипаттағы міндеттемелері мен кірістері жайында мәліметтер ұсынбау фактілері жоқ.

2023 жылы біліктілікті арттыру курстарынан Тексеру комиссиясының Мемлекеттік аудит бөлімінің 7 қызметшісі өтті, оның ішінде 1 – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында, 3 - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Шымкент қаласы бойынша

филиалында, 2 - Жоғары аудиторлық палатасының «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталық» РМК-да, 1 - Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына Сертификатталған алқа бухгалтерлер қауымдастығы (Асса) бағдарламасының бірінші модулі бойынша.

2023 жылы Мемлекеттік аудит бөлімінің қызметшілері тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған.

Талданатын кезеңде кадрлардың орташа ауыспалылығы нормаларының асырылу және лауазымда төмендеу, сонымен қатар жұмысқа қабылданған мамандардың қосылу фактілері орын алған жоқ. Мемлекеттік аудит бөлімінің қызметшілері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тартылмаған.

Бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне сәйкес Тексеру комиссиясының «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің, соның ішінде Мемлекеттік аудит бөлімі қызметшілерінің қызметін тоқсан сайын бағалау жүргізілген. 2023 жылдың қорытындысы бойынша аталған бөлімнің 14 – нің ішінен 10 қызметшінің қызметі бағаланған, нәтижеде бағалау – «өте жақсы» мәніне – 10 иеленді.

2023 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген шектеулерді, тыйымдарды сақтамау және міндеттемелерді орындамау оқиғалары анықталмаған.

2) Мүдделердің жанжалын реттеу.

2.1. Ішкі қызмет:

Персоналмен жұмыс

Жақын ағайын-туыскандардың, жұбайларының және жекжаттарының бірлескен қызмет (жұмыс) фактілері жоқ.

2.2. Аудиторлық қызмет

Мемлекеттік аудит бөлімінің қызметшілері қолданыстағы заңнаманың сақталмауы және бұзушылықтары, мемлекеттік аудит объектілерінің өкілдерімен және лауазымды тұлғалармен тікелей байланыстың болуынан болған мүдделердің жанжалы, өзге мүмкін негативті факторлардың туындау фактілерінің басшылықтың назарына жеткізілмеуі үшін жауапкершілік туралы талаптармен таныстырылған.

2023 жылдың өткен кезеңінде мемлекеттік аудит бөлімінің қызметкерлері мүдделерінің қақтығысы туралы мәліметтер түскен жоқ.

3) Мемлекеттік қызметтерді көрсету және рұқсат етілген функцияларды жүзеге асыру.

Тексеру комиссияларының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сай, мемлекеттік қызметтерді көрсету және рұқсат етілген функцияларды жүзеге асыру Тексеру комиссиясының құзыреті саласына енбейді, соған орай көрсетілген мәселелерге ішкі талдау жүргізілген жоқ.

4) Бақылау функцияларын жүзеге асыру.

Аудиторлық қызмет:

Аудиторлық қызметті жүзеге асыру «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңының Қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Аудиторлық іс-шараларды ұйымдастырудың және жүргізудің Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастырудан (*аудиторлық іс-шараны жүргізуге өтінімдер жасау*), аудитті жоспарлаудан және жүргізуден (*құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органдарда аудит жүргізуге тапсырмаларды тіркеу, жүргізілген аудиторлық іс-шараны жабуға, хабарлама-талондарды уақтылы тапсыру*), қаржылық бақылауды жүзеге асырудан (*әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жазу, сот қуынымдарына бастамашылық ету*) аудиторлық қорытындыларды және нұсқамаларда мазмұндалған тапсырмалар мен ұсынымдарды орындау мониторингісіне дейін көп деңгейлі бақылау жүйесі бар.

Мемлекеттік аудит бөлімінің және оның қызметшілерінің ұйымдастыру-басқару қызметі аталған бөлім туралы ережелермен және қызметшілердің лауазымдық нұсқаулықтарымен, Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы және рәсімдік стандарттарымен регламенттелген.

Мемлекеттік аудит тәуекелдерлі бағалау, мониторингілеу, салыстыру, тексеру, бағалау және талдау арқылы тиісті жылға Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінің негізінде жүргізіледі.

Тексеру комиссиясының мүшелері мемлекеттік аудит объектілерін таңдау барысында мемлекеттік аудит объектілерінің тәуекелдерін бағалауды ескерумен объект және басқа да мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі туралы негізгі ақпарат мазмұндалған дерекқорын басшылыққа алады. Тізбеге, негізінде тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша жоғары және орташа топтарға жатқызылған объектілер енгізіледі.

Аудиторлық іс-шараны жүргізуге тікелей басшылық етуді өзіне бекітілген жұмыс бағыттары бойынша мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты тексеру комиссиясының мүшесі іске асырады.

Мемлекеттік аудит тобының құрамын қалыптастыру барысында аудиторлардың кәсіби дайындығы, олардың психологиялық үйлесімділігі және белгіленген объектіде өткен аудитке қатысуы ескеріледі, қажет болған жағдайда ротация жүргізіледі.

Мемлекеттік аудиторлар аудит жүргізу кезінде (*дайындық жүргізу және жүзеге асыру деңгейлерінде*) тексеру комиссиясының мүшелерімен және аудиторлық бөлімдердің басшыларымен жүйелі негізде аудиторлық іс-шараға шығар алдында техникалық оқу (нұсқаулық) жүргізіледі.

Сараптамалық-талдау қызметі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша заңнамадағы олқылықтар мен қайшылықтарды жою мақсатында мемлекеттік аудиторлар: Инвестициялар және даму, Білім және ғылым, Ұлттық экономика, Қаржы, Ауыл шаруашылығы, Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Әділет жөніндегі министрліктердің атына жекелеген нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 15 ұсыныс жолдады, сол бойынша ЖАП хабардар ету камтамасыз етілген.

Бақылау функцияларын жүзеге асыру барысында Мемлекеттік аудит бөлімдерінің қызметшілері лауазымдық уәкілдіктерін Тексеру комиссиясының қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерінің және заңнаманың аясында орындайды.

Жалпы Мемлекеттік аудит бөлімінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың барлық кезеңдері бекітілген, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін дискрециялық уәкілдіктер мен нормалар минимумға дейін жеткізілген, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

5) Ішкі талдауға іліккен өзге мәселелер.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, сот актілері, сыбайлыс жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізілетін жұмыс зерделенген және талданған.

2023 жылы Тексеру комиссиясына жеке және заңды тұлғалардың 47 өтініші келіп түскен: 12 өтініш бойынша түсінік берілген; 32 өтініш уәкілетті органдарға қайта жолданған, 3 өтініш қанағаттандырылған.

Өтініштердің негізгі сипаты - Тексеру комиссиясымен жоспардан тыс аудит жүргізу.

Азаматтар мен ұйымдардың өтініштері, соның ішінде мемлекеттік аудиторлардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны немесе олардың мемлекеттік қызмет туралы заңнама, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларының), Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидалары нормаларының талаптарының бұзу фактілері бойынша сенім телефоны арқылы түсетін өтініштер Тексеру комиссиясына келіп түскен жоқ.

2023 жылғы мемлекеттік аудит мағлұматтары бойынша жүргізілген аудит қорытындысымен жалпы саны 110 лауазымдық тұлғалар тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тартылған, оның ішінде 30 лауазымдық тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке, 80 лауазымдық тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Сондай-ақ, әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін Шымкент қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 76 материал жолданып, барлық материалдар бойынша 7,6 млн. теңге айыппұл салынған. Тексеру комиссиясы тарапынан 4 материал бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттама тотырылып, соттың қарауына жолданып, 690,0 мың теңге айыппұл салынды.

Тексеру комиссиясының пайдасына сот органдарының шешім шығаруы үшін жеткілікті түрде расталған және дәлелдемелермен бекітілген анықталған бұзушылықтар аудит нәтижелері бойынша расталған қорытындылар негіз болды.

Мемлекеттік аудиторлардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын (қылмыс) жасау фактілері бойынша сот шешімдері жоқ.

Қаржы басқарылуына мемлекеттік аудит және экономика дамуына мемлекеттік аудит бөлімдерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда басты артықшылық алдын алу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін уақтылы анықтау механизмін құру болып анықталды.

Аталған бөлімдерде сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын алуға бағытталған іс-шаралар кешенін жүргізу үшін Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі 2022 – 2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сай (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) жұмыс ұйымдастырылған.

Атап айтқанда, Іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды алдын алу шаралары ретінде, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына төзбеушілікті қалыптастыру және қызметтік тәртіп пен заңдылықты нығайту мақсатында, 2023 жылы Мемлекеттік аудит бөлімінің қызметшілері 10 техникалық оқу жүргізу барысында баяндамашы ретінде сөз сөйледі, онда заңнаманың талаптарын, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы талаптар зерделенді және түсіндірілді. Аталған мәселелер аудитке шығар алдында аудиторлық іс-шараға жауапты Тексеру комиссиясы мүшесінің мемлекеттік аудиторлармен тиісті нұсқаулық (техникалық оқу) жүргізу барысында қаралады.

Бөлім қызметшілерінің арасында сыбайлас жемқорлыққа теріс қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша жұмыс Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлық (құқық бұзушылықтар) қылмыстарының анықталған фактілері туралы ақпаратты назарға жеткізу, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын), Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларын сақтау арқылы, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын (қылмыстарын) жасағаны және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша бейне-роликтерді көрсеткені үшін қызметшілердің мемлекеттік органдардан қызметтен босатылу фактілерін талқылау арқылы іске асырылады.

Ұсынымдар:

1. Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясының мүшелері, Мемлекеттік аудит (Н.З. Омаров) бөлімінің басшысы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында, мемлекеттік аудит бөлімдерінің қызметшілерімен сыбайлас жемқорлыққа теріс қарым-қатынасы бөлігінде түсіндірме жұмыс жүргізуді жалғастырсын.

2. Әкімшілік-заң және персоналды басқару бөлімінің бас инспектор – заң кеңесшісі (Е.Н. Аскаров) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мәніне Мемлекеттік аудит бөлімінің қызметіне қатысты бөлігінде нормативтік және құқықтық актілерге мониторинг жүргізсін.

Аппарат басшысы, жұмыс тобының жетекшісі



Т.Сартаев

Келісілді:

Жұмыс тобының мүшелері:

Мемлекеттік аудит

бөлімінің басшысы – мемлекеттік аудитор




Н.Омаров

Әкімшілік-заң және персоналды басқару басқару
Бөлімінің бас инспекторы (персонал бойынша)



С.Кудиярова

Әкімшілік-заң және персоналды басқару басқару
Бөлімінің бас инспектор-заң кеңесшісі



Е. Аскаров